ТЕКСЕРІЛДІ:
әдіскер Д.Б.Мұхамбетьярова

Утверждаю
методист
Д.Мухф

_______________
27.10.2023ж.

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан»б/б.**
**Пәні:** Қазақ тілі
**Балалардың жасы : -3-4-5** жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**қараша айы (1)

| **Апта күні** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** |
|---|---|---|---|
| **Топтары, жасы** | ***ересек тобы (3жас):*** | ***мектепалды тобы (5жас):*** | ***мектепалды тобы (5жас):*** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | Мақсаты: Балаларға жалпы отбасы туралы түсінік беру. «Ата, әже» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Сөзді дұрыс айтқызып үйрету, «Ә» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.<br>Д/ж: «Ә» дыбысы.<br>С/ж: «Отбасы»<br>«Телефон»<br>Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.<br>Д/ойындар:<br>«Отбасында кім бар?» д\о. | Мақсаты: Тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру, «ә»артикуляциясын және дұрыс айтуын нақтылау, бекіту. Қарындас,сіңлі ,сөздерінің айырмашылығын түсіндіру.<br>ҮІӘ барысы:<br>Балалармен амандасу,күн жадын анықтау.<br>Д/О: «Үйде кім бар?»<br><br>Д/ойындар:<br>«Кім көп айтады?»-«Ә» дыбысына сөз ойлау.<br>«Отбасы және оның мүшелері»-суреттер | Мақсаты : Өз отбасы туралы монолог арқылы әңгімелеуге үйрету. Зат есім мен сын есімнен сөз тіркестерін құра білуге төселдіру. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру.<br>Кел, сөйлесейік!<br>Мынау - менің отбасым. Отбасым үлкен, тату. Отбасында асыл әжем бар. Аяулы анам бар. Ақылды әкем бар.Мейірімді анам бар.<br>Санамақ «Бармақтар отбасы»- саусак ойыны.<br>*Бас бармағым – атам,*<br>*Балан үйрек әжем,*<br>*Ортан терек әкем,*<br>*Шылдыр шүмек – анам,*<br>*Кішкене бөбек – мен.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *Сергіту сәті:*<br>*«Мұрын, мұрын» ұлттық ойыны.*<br>*Саусақ жаттығуы: Санамақ: «Бір үйде біз нешеуміз?»*<br>*Жаттамақ.*<br>*Таусылмайды өлеңі,*<br>*Күнде айтып береді.*<br>*Барған сайын бір жаққа*<br>*Кәмпит алып келеді.*<br><br>Балалардың ойлау қабілетін арттыру .<br>«Менің отбасым» - суреттермен жұмыс.<br>Саусақ жаттығулары | топтамасы.<br>Жаттығу:«Ә» дыбысына артикуляциясы<br>"Жоғалған буын"<br>Ке-ке –ақылды ә...(ке) .<br>На -на -аяулы а...(на).<br>Та-та-та- ардақты а...(та).<br>Же-же-же- асыл ә...(же).<br>Ға-ға-ға- күшті а..(ға).<br>Ні-ні-ні тентек і..(ні).<br>Кел, сөйлесейік!<br>Мынау - менің отбасым. Отбасым үлкен, тату. Отбасында асыл әжем бар. Аяулы анам бар. Ақылды әкем бар.Мейірімді анам бар.<br>Мен отбасымды жақсы көремін.<br>« Не істейді?»-сурет бойынша іс –әрекетті білдіретін сөздерді айту.<br>*Тіл дамыту.*<br>*Мынау менің ата-анам,*<br>*Мынау тума туысым.*<br>*Әжем менен атайым .*<br>*Күтеді мені әрдайым.*<br>Балалардың ойлау қабілетін арттыру .<br>«Менің отбасым» - суреттермен жұмыс.<br>С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу. | Мақал-мәтел.<br>Әкеден –ақыл, Анадан –мейір.<br>«Кім не алды? Кімге барды? Кімде не бар?»-суретке қарап әңгіме құрау.<br>«Теңге алу»-отбасы мүшелерін бекіту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалардың ойлау қабілетін арттыру .<br>«Менің отбасым» - суреттермен жұмыс.<br>Саусақ жаттығулары | Балалардың ойлау қабілетін арттыру .«Менің отбасым» - суреттермен жұмыс.<br>С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу. | Балалардың ойлау қабілетін арттыру .<br>«Менің отбасым» - суреттермен жұмыс.<br>С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу. |